

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасында әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 шілдедегі N 823 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 8 сәуірдегі № 327 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.04.2014 № 327 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі арасындағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы 1993 жылы 22 қазанда Ұлаанбаторда қол қойылған Келісім бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Монғол жағын осы Келісімнің бекітілгені туралы хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолияның Үкіметі арасындағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Монғолия Үкіметі /бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады/, екі мемлекет арасындағы әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ынтымақтастықты дамыту және тереңдету ниетін басшылыққа ала отырып, төмендегі жайында келісті:

БІРІНШІ ТАРАУ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

I - бап

1. Осы Келісім әлеуметтік сақтандырудың және әлеуметтік қамқорлық жасаудың барлық түріне қатысты, ол Уағдаласушы Тараптардың заңдарымен реттеледі және реттеліп отыратын болады.

2. Осы Келісім бойынша науқастанған, ауру адамға күтім жасаған жағдайда, жүктілігіне, босануына, балаға күтім жасауына, қарттығына, мүгедектігіне байланысты, сондай-ақ асыраушысынан айырылған және Уағдаласушы Тараптардың заңдарында көзделген басқа жағдайларда берілетін зейнетақы және жәрдемақының барлық түрі әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамқорлық

жасауға /бұдан былай әлеуметтік қамсыздандыру деп аталады/ жатады.

3. Белгілі бір мерзімге жұмысқа орналасуға рұқсаты бар адамдар осы Келісімнің ұғымында "ұзақ мерзімді еңбек келісімі бойынша жұмыс істейтіндер" деген терминмен аталады, ал "тұрақты тұратындар" деп тұрақты тұруға рұқсаты бар адамдар аталады.

4. Ұзақ мерзімге жасасқан еңбек келісімімен жұмыс істейтін және екі мемлекеттің аумағында тұрақты тұратын азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыруға байланысты қарым-қатынастар осы Келісіммен реттеліп отырады.

2-бап

1. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы егер Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын арнайы келісімдерде немесе өзге халықаралық келісімдерде басқадай көзделмесе, жұмыс істеуге және көшіп келген азаматтарға өз мемлекетінің азаматтарына көрсетілетін қамсыздандыру қызметтерін көрсететін болады.

2. Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында жұмыс істейтін дипломатиялық, консулдық және сауда өкілдерінің мемлекеттік, шаруашылық ұйымдар және бірлескен кәсіпорындар мен өзге ұйымдардың қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін бұл Келісім реттемейді.

Е К І Н Ш І Т А Р А У

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

3 - б а п

АТҚАРУ ОРГАНДАРЫ

1. Екінші Тараптың аумағында еңбекке орналасуға және көшіп келіп тұруға рұқсат алған азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерінің орындалу тәртібі егер Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын арнайы келісімдерде немесе өзге халықаралық келісімдерде басқадай көзделмесе сол көшіп келген жақтың заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Келісімнің ережесін жүзеге асыру жөніндегі шараларды ұйымдастыру құқы мен оның орындалуына бақылау жасау міндеті бір жағынан Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне және екінші жағынан Монғолияның Халық саясаты және еңбек мәселесі жөніндегі министрлігіне жүктеледі, бұдан әрі "Тараптардың уәкілдік алған органдары" деп аталады.

4 - б а п

1. Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауда еңбек стажы толығымен,

Уағдаласушы Тараптардың қолданыста жүрген заңдарына сәйкес екі тараптың аумағында ие болған еңбек сіңірген жылдары үшін жеңілдікті зейнетақы алуға құқық беретін еңбек стажы да есептеледі.

2. Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында жинақталған еңбек стажын Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары растатуға тиіс.

5 - б а п ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДА ЕҢБЕКАҚЫНЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің екінші Уағдаласушы Тараптардың аумағына ұзақ мерзімді еңбек келісімі бойынша келген және тұрақты тұрып жатқан, қоныс аударғаннан кейін жұмыс істеген азаматтары үшін зейнетақы мөлшері қоныс аударғаннан кейінгі жұмысы бойынша алған еңбекақысынан е с е п т е л е д і .

2. Уағдаласушы Тараптардың бірінің екінші Уағдаласушы Тараптың аумағына ұзақ мерзімді еңбек келісімі бойынша келген және тұрақты тұрып жатқан, қоныс аударғаннан кейін жұмыс істемеген азаматтары үшін зейнетақы мөлшері белгіленген тәртіп бойынша қызметкердің келген елінде зейнетақы тағайындау барысында мамандығына ұқсас қызметтегі іс жүзінде тапқан орташа айлық табысынан есептеледі.

6 - б а п ЗЕЙНЕТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

1. Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағында тұратын зейнеткерге сол елдің құзіретті органдары оның зейнетақы тағайындау үшін берген өтініші және екінші Уағдаласушы Тараптың құзіретті органдары берген анықтама негізінде қайтадан тағайындайды. Зейнеткер Уағдаласушы Тараптардың қайсысының аумағында тұрса зейнетақы сол елдің заңына сәйкес тағайындалады. Анықтаманы беру нысаны мен тәртібі Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары мен келісіледі.

2. Зейнеткерді қабылдаған жақтың құзіретті органдары зейнетақыны ол көшіп келгеннен кейінгі келесі айдан бастап төлейді.

3. Көшіп келген елде талап етілетін зейнеткерлік жасы, жұмыс стажы және басқа шарттары сәйкес келмеген жағдайда қабылдаған жақтың құзіретті органдары зейнетақыны өз заңы бойынша тағайындап, төлейді.

ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ

1. Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша жәрдемақыны, соның ішінде жұмысқа уақытша жарамсыздығына, жүктілігіне және босануына байланысты берілетін жәрдемақыны, балаларға, көп балалы аналарға берілетін жәрдемақыны егер Уағдаласушы Тараптардың келісімімен басқадай көзделмесе сол көшіп келген елдің заңына сәйкес сол елдің құзіретті органдары тағайындап, төлейді.

2. Көшіп келген елдің құзіретті органдары бұрын жәрдемақы алып келген қоныс аударушы азаматтарға жәрдемақыны өзінің заңына сәйкес қайтадан тағайындап, төлейді.

8 - б а п

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫҢ БАСҚА ТҮРЛЕРІ

Уағдаласушы Тараптардың бірінің екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында ұзақ мерзімді еңбек келісімі бойынша жұмыс істеп жатқан және тұрақты тұрып жатқан азаматтарына сол көшіп келген елдің құзіретті органдары өз азаматтарына көрсететін мөлшерде қажетінше көмек беріп, қамтамасыз етеді. Бұл сондай-ақ қарттар мен мүгедектерді интернат-үйлерге орналастыруға, қарттар мен мүгедектерге, жетім балаларға көрсетілетін жеңілдіктердің барлық түріне протез жасатуға және көмек пен қызмет көрсетудің басқа да түрлеріне де қатысты.

9 - б а п

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА Ж Ұ М С А Л А Т Ы Н ШЫҒЫНДАР

Осы Келісім бойынша әлеуметтік қамсыздандыруды жүзеге асыруға байланысты жұмсалатын шығындардың бәріне өз аумағында сол немесе басқа азамат тұратын Уағдаласушы Тарап жауап береді және Уағдаласушы Тараптар есеп айырыспайды.

10 - б а п

ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘРТІБІ

1. Уағдаласушы Тараптар қамсыздандыруды жүзеге асыруға байланысты барлық мәселелер бойынша ынтымақтастықта жұмыс істейді.

2. Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары жұмыс тәжірибесімен алмасатын болады, өз мемлекеттеріндегі әлеуметтік қамсыздандыру саласында қолданылып жүрген заң туралы, оған өзгерістер мен

қосымшалар енгізу туралы бір-бірін хабардар етіп отырады.

3. Уағдаласушы Тараптардың құзіретті органдары өз елінде әлеуметтік қамсыздандыру жүзеге асырып отырған көлемде бір-біріне тегін құқықтық көмек көрсететін болады. Аталған органдар зейнетақы және жәрдемақы тағайындау кезінде зор мәні бар жағдайлар туралы қажетті хабарларды бір-біріне беріп тұратын, сондай-ақ осы жағдайларды белгілеуге қажетті шараларды қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

4. Осы Келісімді жүзеге асыру кезінде Тараптардың құзіретті органдары өздерінің ұйымдары арқылы бір-бірімен байланысып тұрады, ал олардың атауларын Уағдаласушы Тараптар осы Келісім күшіне енгеннен кейін өзара х а б а р л а й д ы .

1 1 - б а п

1. Уағдаласушы Тараптың бірінің аумағында белгіленген үлгіде берілген немесе құзіретті орган куәландырған құжат екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында ресмилендірілмей-ақ қабылданады.

2. Уағдаласушы Тараптардың дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің қызметкерлері ешқандай сенімхатсыз-ақ тікелей немесе осыған уәкілдік алған адамдар арқылы осы келісімнен туындаған істің бәрін өз мемлекетінің азаматы атынан жүргізуіне және егер мүдделі адам сенім жүктемеген адамға ісін жүргізуді тапсырмаған жағдайда басқа мемлекеттің құзіретті органдары алдына а з а м а т т ы ұ с ы н у ғ а к ү қ ы б а р .

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

1 2 - б а п

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

1. Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына қарастырылған тиісті заңды процедуралардың орындалғаны туралы соңғы мәлімдемені алған соң 3 0 күннен кейін күшіне енеді.

2. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және егер Уағдаласушы Тараптың бірі өзінің оны бұзғысы келетін ниеті туралы екінші Уағдаласушы Тарапқа тиісті мерзімі біткенге дейін 6 ай бұрын жазбаша мәлімдемесе әрбір ретте келесі бесжылдық мерзімге өзінен-өзі ұзартылатын болады.

3. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес туындаған құқықтар Келісім бұзылған күнде де өз күшін жоғалтпайды.

Уланбаатор қаласында 1993 жылы 22 қазанда екі данада, әрқайсысы қазақ және монғол тілдерінде жасалады, сондай-ақ екі текстің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі атынан*

Монғолияның

Үкіметі атынан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК